

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Денсаулық сақтау жөніндегі ұлттық үйлестіру кеңесін құру туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 ақпандағы N 99 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1085 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.12.2015 № 1085 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 - 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1113 Жарлығын (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама), «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 -2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 қаңтардағы № 41 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.09.01 № 1000 Қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Денсаулық сақтау жөніндегі ұлттық үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - Үйлестіру кеңесі) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:

- 1) Үйлестіру кеңесінің құрамы;
- 2) Үйлестіру кеңесі туралы ереже бекітілсін.

3. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 3 ақпандағы
N 99 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Денсаулық сақтау жөніндегі ұлттық үйлестіру кеңесінің құрамы

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму бірінші
вице-министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму
министрлігінің Стратегиялық даму департаментінің директоры, хатшы
Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім
б о й ы н ш а)

Қазақстан Республикасының Парламенті Сенатының депутаты (келісім
б о й ы н ш а)

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім
б о й ы н ш а)

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің
меңгерушісі (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму
в и ц е - м и н и с т р і

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі
Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары
Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі
Дүниежүзілік Банктің Қазақстандағы денсаулық сақтау жөніндегі
бағдарламасының басшысы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының
т ө р а ғ а с ы (келісім бойынша)

ЮНЭЙДС-тің Қазақстандағы үйлестірушісі (келісім бойынша)

Біріккен Ұлттар Ұйымы Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Қазақстан
Республикасындағы Өкілдігінің денсаулық сақтау және тамақтану жөніндегі
бағдарламаларының үйлестірушісі (келісім бойынша)

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы Елдер кеңсесінің
б а с ш ы с ы (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма мүшесі (

к е л і с і м

б о й ы н ш а)

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстан Республикасындағы өкілі (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 3 ақпандағы
N 99 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Денсаулық сақтау жөніндегі ұлттық үйлестіру кеңесі туралы ереже

Ескерту: Мәтіндегі "Бағдарламалар", "Бағдарламаларда", "Бағдарламалардың" деген сөздер тиісінше "Бағдарлама", "Бағдарламада", "Бағдарламаның" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 3 тамыздағы N 737 қаулысымен .

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Денсаулық сақтау жөніндегі ұлттық үйлестіру кеңесінің міндеттерін, функцияларын, қызметінің құқықтық және ұйымдастыру негіздерін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы денсаулық сақтау жөніндегі ұлттық үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - Үйлестіру кеңесі) Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 - 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі - Бағдарлама) көзделген азаматтардың денсаулығын сақтау жөніндегі іс-шараларды өткізуде орталық және жергілікті атқарушы органдардың, халықаралық және басқа да ұйымдардың өзара іс-қимылдарын қамтамасыз ету мақсатында құрылған .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.09.01 № 1000 Қаулысымен .

2. Үйлестіру кеңесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші орган болып табылады.

3. Үйлестіру кеңесінің құрамына құзыретіне заңнамаға сәйкес Үйлестіру кеңесіне жүктелген міндеттерді шешу енетін министрліктердің, ведомстволар мен ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ олардың келісімі бойынша үкіметтік емес және басқа да ұйымдардың өкілдері кіреді.

4. Үйлестіру кеңесі өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2. Үйлестіру кеңесінің негізгі міндеттері мен функциялары

5 . М ы н а л а р :

- 1) Бағдарламада көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету;
- 2) азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты, заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру;
- 3) орталық және жергілікті атқарушы органдардың жұмысын үйлестіру және Қазақстан Республикасының аумағында азаматтардың денсаулығын қорғау жөніндегі іс-шараларды өткізу мақсатында халықаралық және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимылдарын қамтамасыз ету;
- 4) Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын қорғау жөніндегі негізгі бағыттарды белгілеу жөніндегі ұсынымдар мен ұсыныстарды дайындау Үйлестіру кеңесінің негізгі міндеттері болып табылады.

6. Мыналар Үйлестіру кеңесінің негізгі функциялары болып табылады:

- 1) Бағдарламаның іс-шараларын орындау жөніндегі істердің жай-күйін талдау

;

2) м ы н а д а й :

- азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты, заңнамалық және нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру;
- азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметтерін жетілдіру;
- денсаулық сақтау мәселелері бойынша салааралық ынтымақтастықты және реформалар мониторингін үйлестіруді күшейту;
- орталық мемлекеттік органдар және жергілікті мемлекеттік басқару органдары арасында жауапкершілікті шектеу жөнінде ұсыныстарды әзірлеу;
- бизнес-құрылымдардың әлеуметтік жауапкершілігін дамытуды және үкіметтік емес қоғамдық ұйымдарды тартуды қоса алғанда, жергілікті деңгейде өзара іс-қимыл тетігін әзірлеу;
- 3) денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік, салалық бағдарламалардың аумақтарды дамыту бағдарламаларының іске асырылуының аралық қ о р ы т ы н д ы л а р ы н қ а р а у ;
- 4) азаматтардың денсаулығын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың халықаралық, қоғамдық және басқа да ұйымдармен тиімді өзара іс-қимылы мен ынтымақтастығы саласындағы жәрдемдесу;
- 5) орталық және жергілікті атқарушы органдардың азаматтардың

денсаулығын сақтау жөніндегі, оның ішінде АИТВ/ЖИТС-пен, туберкулезбен, диабетпен, жүрек-қан тамыры ауруларымен сырқаттанушылықты төмендету және басқа да әлеуметтік мәні бар және айналадағылар үшін қауіп төндіретін ауруларды, сондай-ақ халық арасындағы суицидті мінез-құлықтың алдын алу мен профилактикасы жөніндегі іс-шараларды орындау мәселелерін қарау.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.09.01 № 1000 Қаулысымен.

3. Үйлестіру кеңесінің құқықтары

7. Үйлестіру кеңесі жүктелген міндеттерді іске асыру және функцияларды жүзеге асыру мақсатында:

1) орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасуға;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардан және өзге де ұйымдардан Үйлестіру кеңесінің міндеттерін іске асыру үшін қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

3) Үйлестіру кеңесінің отырыстарына міндеттерді іске асыруға байланысты мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың және өзге де ұйымдардың өкілдерін шақыруға және тыңдауға;

4) өзінің құзыретіне енетін мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеуге және ұсыныстар енгізуге;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламада көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуы жөнінде ұсыныстар енгізуге;

6) азаматтардың денсаулығын қорғау жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдауға байланысты өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқығы бар.

4. Үйлестіру кеңесінің қызметін ұйымдастыру

8. Үйлестіру кеңесін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары басқарады, ол оның қызметіне басшылық жасайды, отырыстарына төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды және Үйлестіру кеңесінің шешімдерін іске асыруға жалпы бақылауды жүзеге асырады және қолданыстағы заңнамаға сәйкес Үйлестіру кеңесі жүзеге асыратын қызметке, сондай-ақ салааралық, ведомствоаралық үйлестіруге және Үйлестіру кеңесі әзірлейтін шешімдерге дербес жауапты болады. Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасары орындайды.

Ескерту. 8-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.09.01 № 1000 Қаулысымен.

9. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

10. Үйлестіру кеңесінің отырыстары тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

Ескерту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 3 тамыздағы N 737 қаулысымен.

10-1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Үйлестіру кеңесінің жұмыс органы болып табылады.

Үйлестіру кеңесінің жұмыс органы комиссия жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде Үйлестіру кеңесі отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды, олар Үйлестіру кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні қалғанда хаттама жобасымен қоса Үйлестіру кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

Ескерту. Ереже 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.

10-2. Үйлестіру кеңесінің отырысы өткізілгеннен кейін Үйлестіру кеңесінің хатшысы хаттама ресімдейді.

Ескерту. Ереже 10-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

11. Үйлестіру кеңесінің шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оларға қатысып отырған Үйлестіру кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру Үйлестіру кеңесінің отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) қосымшаға сәйкес нысан бойынша дауыс беру парағын толтыру жолымен өткізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Үйлестіру кеңесі мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, оны білдірген жағдайда, ол жазбаша түрде жазылуы және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген Үйлестіру кеңесінің есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Үйлестіру кеңесінің отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру парақтарының негізінде үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға мен хатшы қол қояды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген жағдайда, Үйлестіру кеңесінің хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясы бар дауыс беру парағын Үйлестіру кеңесінің мүшелеріне келісу үшін жібереді.

Үйлестіру кеңесінің мүшелері дауыс беру парағын алғаннан кейін бір жұмыс

күні ішінде келісу не себептерін негіздей отырып, келіспеу туралы жауап береді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен .

12. Дауыс беру парақтарымен қоса, Үйлестіру кеңесінің материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды Үйлестіру кеңесінің жұмыс органы жүзеге асырады .

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен .

13. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 3 ақпандағы
N 99 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Үйлестіру кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 853 қаулысы .

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 853 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 ақпандағы N 166 қаулысы .

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 25 маусымдағы N 853 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 шілдедегі N 952 қаулысы .

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі N 397 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 6-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 10, 98-құжат).

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Үйлестіру кеңесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 қазандағы N 1045 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 41 , 434-құжат).

6. "Жұқтырылған қоздырғыш тапшылығы белгісінің және туберкулездің алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі Үйлестіру кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 қыркүйектегі N 922 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 33, 442-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК